

.				
Мектепалды даярлық сынып				
5 жасар балалар				
Сәуір айы 3-апта 14.04- 18.04. 2025ж				
<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
14.04.25ж	15.04.25ж	16.04.25ж	17.04.25ж	18.04.25ж
«Бір тұтас тәрбие» бағдарламасы аясында Сәуір айы Еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік айы» Апта дәйек сөздері « Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар»				
Салемдесу . Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу. үйде немен айналысты, не істеді, қайда қыдырып барды және т.б. туралы әңгімелесу Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру				
. Ата-анаға кеңес: Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру				
«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Санамақ Көпшілік қатысады.Ойынның шарты: ойын бастаушы қатысушы бір адамды ортаға алып шығады.Ол адам бір тектес атау сөзден жаңылмай,кідірмей аттап жүріп айтуы керек.Тоқтамай қателеспей айтып шықса,жүлде алады.Егер қателессе ойыннан шығады.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Қарамырза Ойын басталмас бұрын ,оның ережесі түсіндіріледі.Біраз уақыттан кейін ойын бастаушы ойынаушыларғы « ойынаймыз» деп белгі берген кезде қатарлас отырған бірі екіншісіне: «Ассалаумағалейкум, Қарамырза !» -дейді.Ойын тәртібі бойынша сәлем салушы : «Уағалейкумассалам,бірінші қарамырза» -деп жауап беруі керек,егер « уағалейкум», -деп жауап берсе онда сәлем алушы ұтылады. Сөйтіп , аз дан соң ойыншылар «жеңгендер» мен «жеңілгендер» болып екі топқа бөлінеді, «жеңген»жақ «жеңілген» жаққа жаза белгілейді: ән, күй тартып, би билейді	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Айдапсал. Ойынаушылар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үйдің сыртына шығып , ал екінші топ үйдің ішінде қалады.Ойынды басқарушы сыртта тұрғандардың есімдерін үйде отырғандарға қойып, өзі белгілеп алады.Содан кейін сырттағы ойыншыларды бір-бірлеп шақыра бастайды. Ойынның шарты бойынша , сырттан кірген ойыншы отырғандардың ішінен иөз есімі есімі берілген ойыншыны табуы керек. Таба алмаған ойыншылар айыптылар қатарына барып отырады.Ал өз есімі берілген ойыншыны тапқандар соның қасына барып отырады, айып тартады.Айыптартушылар көпшіліктің ұйғаруымен өлең айтады,би билейді, ,т.б. өнер көрсетеді	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Шертпек. Ойнаушыларды орындыққа отырғызып болғаннан кейін, ойын жүргізушісі орамалды иығына салып алып ойнаушылардың артында жүреді де, кез-келген ойыншының екі көзін екі қолмен баса қояды.Сол кезде білдірмей келіп, жолдастарының бірі маңдайынан шертіп кетеді.Ойын жүргізуші көзін қоя бере салып, иығындағы орамалмен «шертпегімді тап» - деп, арқасынан тартып қалады.Таба алмай қалса, көпшіліктің ұйғаруы мен ортаға шығып өнер көрсетеді, ал егер тауып алса, жаңағы шерткен адам айыбын тартады.Осындай тәртіппен ойын жалғаса береді.	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» Белбеу соқ Ойыншылар екі-екіден жұптасып, шеңбер жасап тұрады.Бір ойыншы белбеуді алып,екіншісін қууға тиіс.Қашқан шеңбер жасап тұрған бір жұптың алдына келіп тұрған кезде,артық қалған үшінші ойыншы шеңберді айнала қашады.Егенр қуғыншы оны белбеумен соғып үлгеріп, өзі бір жұптың алдына келіп үлгерсе,оның орнын келесі ойыншы басады
Мақсаты: балалардың өмірге деген көз қарасын қалыптастырып , еңбекқорлыққа , тапқырлыққа , батылдыққа тәрбиелеу				
Менің Қазақстаным	«Ақ тілек»	«Нанға біз тоямыз»	«Көктем қандай тамаша!»	«Көлбең, көлбең, көлеңкем»

ҚР гимні «Бидай» Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.	Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	Көктемде жерді жыртамыз, Тегістейміз тырмалап. Дәндерді оған егеміз, Жайқалып көктеп шықсын деп. Күз болғанда орамыз, Нанға біздер тоямыз.	Көркемдеген жер-көкті, Көктем қандай тамаша! Жерге әкеліп төсепті Алуан гүлді алаша.	Көлбең, көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Тасып піскен бидайды. Айтшы қалай жинайды? Комбайынмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды.
Математика негіздері Міндеті: Үстінде – астында,алдында- артында,оң жақта-сол жақта –балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта); жад пен кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Қазақ тілі Міндеті Оқушыға не керек? - сөздерді саналы түрде есте сақтауға және дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; -сөздерді байланыстырып сөйлеуді, 2-3 сөзден сөйлем құруға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дене шынықтыру Міндеті	Сауат ашу негіздері Міндеті: Біз нені білдік? [й] - суреттен іс-әрекетті білдіретін сөздерді анықтап айта білуге, сөздердегі буын санын анықтауды жалғастыру; -сөйлемдегі сөздің орнын анықтауға, берілген дыбысқа сөз ойлап айтуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту; -өнерлі болуға тәрбиелеу. 1 Сурет салу. (Шығармашылық іс- әрекеттер) Міндеті: Әжеме арналған қамзол. - сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру; -саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп кию әдістерін жалғастыру; -ою атауларын еске түсіру;ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Музыка Міндеті:	Математика негіздері Міндеті: . Үстінде – астында,алдында- артында,оң жақта-сол жақта -балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта); жад пен кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Сауат ашу негіздері . Міндеті: Біз нені үйрендік,нені білдік? -сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; -сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру; -театрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру арқылы мәдениетті болуға тәрбиелеу. Дене шынықтыру Міндеті: Аңшылар. -тік	Математика негіздері Міндеті: Үстінде – астында,алдында- артында,оң жақта-сол жақта -балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта); жад пен кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Сөйлеуді дамыту Міндеті: Күн, Ай және Қораз. - ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру; -сөздердің дыбыстардан жасалатынын естеріне түсіру; -достықты бағалай білуге тәрбиелеу. Музыка Міндеті: Ән салып, би билейміз. - музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің	Сауат ашу негіздері Міндеті: Біз нені үйрендік,нені білдік? -сөйлем құрау, дауысты дыбыстардың түрлерін анықтай отырып, буынға бөлу дағдыларын жетілдіру; -сөзде түсіп қалған тиісті дыбысты табу, қандай да бір дыбысқа сөз құрау секілді тапсырмалар арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру; -театрда өзін-өзі ұстау ережелерімен таныстыру арқылы мәдениетті болуға тәрбиелеу. Дене шынықтыру Міндеті Өрмелеп үйренеміз. - гимнастикалық қабырғаға өрмелей білу жаттығуларын жалғастыру.Баумен жүру ережелерін тиянақты орындай білуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет

.Ойын ойнап өсеміз. - допты қабырғаға соғып, қол шапалақтап, ыршыған допты қағып алуды; түзу сызық бойынша оң аяқпен секіруді; айналып тұрған секіртпе астынан жүгіріп өтуді үйрету. Сөйлеуді дамыту. Міндеті Күн, Ай және Қораз. - ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру; -сөздердің дыбыстардан жасалатынын естеріне түсіру; -достықты бағалай білуге тәрбиелеу.	Ән салып, би билейміз. - музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру; -қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату; -ән арқылы балаларды адамгершілікке,инабаттылыққа тәрбиелеу. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеті: Жануарлар жауынан қалай қорғанады? -балалардың қоректік тәуелділік туралы түсінігін жетілдіру; қоректік тізбек жасау қабілетін дамыту; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру; -табиғатпен адамгершілік қарым-қатынаста болуға үйрету.	нысынаға заттарды лақтырып,тура ортасына тигізе білуге жаттықтыру.Тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Көркем әдебиет Міндеті: Достық мерекесі (өлеңді жаттау)СерікбайОспанов -өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату; -өлең мазмұнын эмоциялық көңіл күймен айтуға үйрету; -сурет бойынша әңгіме құрастыруда сюжеттің бірізділігін сақтау және өзара сыйластық қарым- қатынасын дамыту.	элементтерімен байланыстыру; -қолмен әннің бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату; -ән арқылы балаларды адамгершілікке,инабаттылыққа тәрбиелеу. Қазақ тілі Міндеті: Дыбыстар әлемі -сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын нығайту. -есту, тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.	Міндеті Достық мерекесі (өлеңді жаттау)СерікбайОспанов -өлеңді дауыс ырғағымен, мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен жаттату; -өлең мазмұнын эмоциялық көңіл күймен айтуға үйрету; -сурет бойынша әңгіме құрастыруда сюжеттің бірізділігін сақтау және өзара сыйластық қарым- қатынасын дамыту. Қоршаған ортамен Таныстыру Міндеті:. Жануарлар жауынан қалай қорғанады? - балалардың қоректік тәуелділік туралы түсінігін жетілдіру; қоректік тізбек жасау қабілетін дамыту; - балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым- қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру; -табиғатпен адамгершілік қарым- қатынаста болуға үйрету.
Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтәңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес іс-әрекет)				

Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жендерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
« Өкпені еріту » жаттығуы Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз . 	Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым- қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.  	Ойын: «Жалауша» Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге, қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру. Керекті құралдар: ысқырық, жалауша, бор, таяқша. Мазмұны. Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді. Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады. Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі. Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады. Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады. Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне бір ұпай қосады. Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ. Ойын осылай бірнеше рет жүріп, жеңіске жеткен команда анықталады. Ойынның ережесі. 1. Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет. 2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды. 3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге	ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР Мен қандай адаммын ? Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру; Өр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі . 	Ойын: «Көршілеріңді ата» Мақсаты: кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру, сөздік қорларын молайту. Жасы: 5-6 жас аралығы Қажетті заттар: түрлі суреттер салынған қағаз беті. Ойын барысы: бұл үшін әр түрлі суреттер салынған қағаз беті пайдаланылады. 1 нұсқа: педгог баладан қандай да бір затты атап, оның оң жағында, сол жағында, үстінде, астында не барын атауын сұрайды. 2 нұсқа: педагог баладан қағаздың оң жақ жоғары бұрышында ненің суреті барын, беттің ортасында ненің суреті бары, т.с.с. сұрайды. 

		беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді. Әдістемелік нұсқаулар. Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады. 		
Жеке жұмыс? _____ Жаңылтпаш айту: «Ала бұлт ақ па, Ақ бұлт ақ па? Ала бұлт ақ емес, Ақ бұлт ақ» «Анау арал қай арал, Қайыңды арал, талды арал» Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)	Мақал-мәтел: _____ Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер. Сәуірдегі жауын-сауып тұрған сауын	_____ Қауіпсіздік ержелеріне үйрету	_____ Мақал-мәтел: Жері байдың-елі бай. Қара жерге де, қамқорлық керек	_____ Бағдаршамның нақты қызметін үйрету
. Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру				
Сәуір Серуен-Бақылау №13 Бақылау: Бұлттарды бақылау <i>Мақсаты:</i> әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру Бақылау барысы Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. Жеке жұмыс ♦ Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар?	Сәуір Серуен-Бақылау №14 Бақылау: Күнді бақылау <i>Мақсаты:</i> күн энергиясының адамдар, өсімдіктер және жануарлар өміріне әсері туралы білімдерін бекіту. Бақылау барысы Тәрбиеші жұмбақтар жасырады: Үлкен алтын табақтан, Әлемге нұр таратқан. (күн) <i>Алауға оранып, Көкке өрлеп шығады. Бір айналып оралып, Көкжиекке бұғады. (күн)</i> Күн биікке көтерілген сайын, күн жылы әрі ұзақ болады. Күннің жылуынан қар ериді, жер жылиды. Шөптер өсе	Сәуір Серуен-Бақылау №15 Бақылау: Желді бақылау <i>Мақсаты:</i> - жел туралы түсініктерін бекіту; - жел түрлерін есте сақтау. Бақылау барысы Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады: Ағаштарды шайқайды, Көзге көрінбейді. Шарлағанда сай-сайды, Бір сәт ерінбейді. (жел) Тәрбиеші балаларға айналаны бақылауға, ағаш бұтақтары қалай шайқалып тұрғанын байқауға ұсынады. Сұрақтар қояды: ♦ Желдің қандай түрлері болады?	Сәуір Серуен-Бақылау №16 Бақылау: Топырақты бақылау <i>Мақсаты:</i> торф топырағының қыртысымен таныстыру . Бақылау барысы Біздің айналамызда шалшық көп. Ал, шалшықтар торфқа (шымтезек) бай болады. Торф- бұл әрі тыңайтқыш, әрі отын.ол қатты қызған кезде тез тұтанады. Торф дымқыл, жабысқақ, көктемде ылғал кезінде ол ауыр. Ол суды нашар өткізеді, егер ылғал торф үстімен өтсен, ол аяқкиіміне жабысып қалады. Сондықтан да бұндай	Сәуір Серуен-Бақылау №17 Бақылау: Жәндіктерді бақылау <i>Мақсаты:</i> «Жәндіктер» сөзінің мағынасы туралы түсініктерін тиянақтау; — Оларды тіршілік ету ерекшеліктеріне қарай салыстыра білуге үйрету. <i>Бақылау барысы</i> <i>Тәрбиеші жұмбақтар жасырады:</i> -Гүлдің нәрін жинайды, Адамға бал сыйлайды. Еңбекқорды аялайды, Еріншекті аямайды. Бұл не? (ара) -Қанды сорып сүліктей,

♦ Бүгінгі бұлттар қандай? ♦ Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? ♦ Бұлт қай бағытқа жүзіп барады? Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу <i>Мақсаты:</i> бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: —бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	бастайды. Ағаштар бүршік жарады. Жеке жұмыс *Табиғатта тағы қандай өзгерістер болады? *Күн қай жақтан шығады? *Қай жаққа батады? *Жарқырап тұрған күнге тура қарауға бола ма? *Неге? Зерттеу қызметі Ағаш, пластмасса, металл заттарға қол тигізіп қарау, қайсысын күн көп қыздырады? Қандай заттар тез қызады, қоңыр түсті ме, әлде ашық түсті ме? Күннің көзіне ұзақ уақыт қандай заттың көмегімен қарауға болады? <i>(қоңыр түсті әйнекпен)</i> Еңбек Ойын алаңы айналасындағы жолдарды тазалауға аула тазалаушыға көмектесу.. <i>Мақсаты: үлкендерге көмектесуге деген ынталарын дамыту.</i> Қимылды ойын «Күн мен түн». Мақсаты:күн мен түннің айырмашылығы жайлы білімдерін тиянақтау, берілген белгі бойынша әрекет етуге баулу. Жаттығу ойыны Орнында тұрып ұзындыққа секіру. Мақсаты:секіре білулерін, күштері мен көз өлшемдерін дамыту. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	♦ Жел неге соғады? Атмосферада ауа әртүрлі қызады: жылы ауа жеңіл болады, сондықтан жоғары көтеріледі, ал, суық ауа ауыр болады, ол төмен тартылады. Осыдан ауада қозғалыс пайда болады. Желдің күші жылы және суық ауаның температурасының айырмашылығына байланысты. Ауа массасы барынша тез қозғалған сайын, желдің күші де соншалықты қатты болады. Желдің бағытын анықтаумен айналысатын адамдарды метеорологтар және синоптиктер деп атайды. Жеке жұмыс ♦Барынша қатты желдердің атын ата? <i>(дауыл, құйын, бұрқасын, боран.)</i> ♦ Әлсіз желді қалай атайды? («самал жел» деп атайды) ♦Желдің ізін көруге болады ма? Зерттеу жұмысы Компас арқылы желдің бағытын анықтау. Флюгердің көмегімен желдің күшін анықтау. Еңбек Гүл өсіретін (клумба) аланды дайындау <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істей білу дағдыларын бекіту, жұмысты бар ынтасымен орындау.</i> Қимылды ойын «Кім жылдам?». Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойыны Бір-біріне доп лақтыру. Мақсаты: қозғалыс координацияларын дамыту. Халық болжамы. Өрмекші бұрышқа тығылса, жел болады. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша	соқпақпен (жолмен) жүрмеген дұрыс. Торфты атызға (жүйек) және ағаш түптеріне тыңайтқыш ретінде қосады.. Жеке жұмысы Торфтың құрғақ және ылғал кесектерін салыстыру. Кұммен торфты салыстыру; Жер қыртысы қай жерде тез кебеді. Еңбек Ағаш түптері мен атызға торф тасу. <i>Мақсаты: торфтың пайдалы қасиеттері туралы білімдерін тиянақтау.</i> Қимылды ойын «Акку-каздар». <i>Мақсаты: берілген кеңістікте белгі бойынша қашқандарды қуып жету, ойын шартын сақтау.</i> Жаттығу ойыны Секіргіш жіппен жаттығу ойындары. Мақсаты: секіргіш жіпті алға, кері айналдыра отырып секіруге үйрету. Еркін ойындар балалардың қалауы бойынша .	Ызындап кеп шағады. Бұл қандай бүлік дой? (маса) -Ызындап ән салып, Жүп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қокысқа қонады. Бұл не? (шыбын) -Құжынаған жұмыскер, Бірлескенде тым іскер. (құмырсқа) -Тор тоқуға шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) Жеке жұмыс ♦ Жұмбақ жауаптарының шешуінде айтылғандарды бір сөзбен нелер деп атаймыз? (жәндіктер) ♦Тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? <i>(көбелек, құрт т.б)</i> ♦ Қандай жәндік гүлдерді тозаңдандырады? (аралар) ♦ Көктемде жәндіктер өмірінде қандай өзгерістер болады? (көктемде жұмыртқалардан личинкалар өсіп шығады) ♦ Жәндіктер қайда тіршілік етеді? <i>(бақтарда, ағаштарда, су тоғандарда т.б.)</i> ♦ Қандай жәндіктердің пайдасы бар? <i>(ара, жібек құрты, құмырсқа).</i> ♦ Қандай пайдалы жәндік орман, тоғайларды зиянды жәндіктерден қорғайды? (құмырсқа) ♦ Масаларды неге зиянды жәндік деп атайды? (олар әртүрлі ауруларды тасиды) ♦ Зерттеу жұмысы Қанқызын тауып, оның атын атау. Құмырсқалар «соқпағын» табу, бақылау. Еңбек: Аланды қоқыстардан тазалау. <i>Мақсаты: үлкендерге көмек беруге, үлкендер еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу.</i> Қимылды ойын «Аюлар мен
--	--	---	---	---

				аралар». Мақсаты: кеңістікке жүкіру, ұстап алуға, ұстатпауға тырысу. Ептілікке, жылдамдыққа баулу. Жаттығу ойыны: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: жүкіру техникаларын жасарту. Халық болжамы: күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ әрі қатты болады Еркін ойындар балалардың калауы бойынша
Өнегелі 15 минут  БАЛАҒЫЗДЫҢ ҚАУІПТІ ӘРЕКЕТТЕРГЕ, САЙТАРҒА ЖӘНЕ ИНТЕРНЕТ ПЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ТҮРЛІ ФОРМАЛАРЫНА ҚАНШАЛЫҚТЫ ТАРТЫЛҒАНЫН АНЫҚТАУ ҮШІН ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАУҒА ТЫРЫСЫҢИЗ  	Өнегелі 15 минут  БАЛАҒЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ АЛҒАШҚ КҮМӘНДАР ПАЙДА БОЛҒАН КЕЗДЕ, ӨЗ АЛАНДАУШЫЛЫҚТАРЫҢЫЗДЫ АШЫҚ АЙТЫП, БАЛАҒЫЗДЫ ӨЗ ҚАУІПТЕРІҢІЗДІ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ АШЫҚ ДИАЛОГ ЖҮРГІЗУГЕ ШАҚЫРЫҢИЗ  	Өнегелі 15 минут ҚЫСЫМ КӨРСЕТУДЕН АУЛАҚ БОЛЫҢИЗ Бала үшін маңызды тақырыптарды талқылау кезінде қысым жасамауға, оның түлғасы мен іс-әрекеттерін сынаудан аулақ болуға дағдыланыңыз, бастысы – балаңызды мұқият тыңдап, көмек көрсету немесе оның шешім табуына қолдау көрсетіңіз  	Өнегелі 15 минут 	Өнегелі 15 минут 